



Автор: Тулеуова Бибигул
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Сүйіспеншілік пен достық
Тақырып: Сүйіспеншілік-сағыныш

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.2.3.10қылым стратегияларын қолдану;комментарий жасау,іріктеп оқу,зерттеп оқу.
Бағалау критерийі	Оқылым стратегияларын қолданады: іріктеп оқиды, комментарий жасайды.
Тілдік мақсаттар	Сөздік қор: туған жер, ыстық, жусаны жұпар, қадірі, аңсайды, түтіні артық, елінен безген, ер, сұлтан Пәнге қатысты лексика: комментарий, іріктеп оқу, оқылым.
Құндылықтарға баулу	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық.
Пәнаралық байланыс	тарих, әдебиет
Алдыңғы оқу	комментарий жасауды біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал. Аффирмация арқылы оқушыларды жігерлендіру. Балалар,қандай көңіл-күйдесіздер? Бүгінгі сабақты табысты түрде меңгереміз бе? Ізденіс пен белсенді әрекеттерге дайынсыздар ма? Топқа біріктіру Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау Сабақ критерийлерін шығару	Сабақ мақсаты жазылған бетше

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар								
<p>Сабақтың ортасы (12 мин)</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Мақал - мәтелдердің жалғасын табу. 1.Туған жердің күні де ыстық,түні де ыстық 2.Туған жердің.....жусаны жұпар 3.Бөтен жердің гүлінен.....Туған жердің тікені артық. 4.Туған жердің қадірін..... шетте жүрсең білерсің. 5.Туған жердей жер болмас,..... Туған елдей ел болмас. 6. Ит тойған жеріне,Ер туған жеріне 7.Аққу көлін аңсайды,Адам туған жерін аңсайды. 8.Басқа жердің отынантуған жердің түтіні артық. 9.Кісі елінде сұлтан болғанша,.....өз елінде ұлтан бол. 10.Елінен безген ер болмас..... Көлінен безген қаз болмас 1- тапсырма. ТЖ Мақал-мәтелдердегі сабақ тақырыбына сай келетін сөздер мен сөз тіркестерін "Сыртқа" бағанына жазады. "Ішке" бағанына сол сөздің мағынасын жан-жақты ашатындай комментарий жасайды.</p> <table border="1" data-bbox="316 689 1137 891"> <thead> <tr> <th data-bbox="316 689 994 745">Сыртқа</th> <th data-bbox="1002 689 1137 745">Ішке</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="316 745 994 891">туған жер, ыстық, жусаны жұпар, қадірі, аңсайды, түтіні артық, елінен безген, ер, сұлтан</td> <td data-bbox="1002 745 1137 891"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескрипторлар</p> <table border="1" data-bbox="316 996 1137 1164"> <thead> <tr> <th data-bbox="316 996 643 1048">Бағалау критерийлері</th> <th data-bbox="651 996 1137 1048">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="316 1048 643 1164">Оқылым стратегияларын қолданады.</td> <td data-bbox="651 1048 1137 1164">1. тақырыпқа сай сөздер мен сөз тіркестерін іріктеп алады. 2. Комментарий жасайды.</td> </tr> </tbody> </table> <p>ҚБ "Бағалау терезесі" Топтар бірін-бірі бағалайды.</p>	Сыртқа	Ішке	туған жер, ыстық, жусаны жұпар, қадірі, аңсайды, түтіні артық, елінен безген, ер, сұлтан		Бағалау критерийлері	Дескриптор	Оқылым стратегияларын қолданады.	1. тақырыпқа сай сөздер мен сөз тіркестерін іріктеп алады. 2. Комментарий жасайды.	<p>"Сыртқа, ішке" бетшесі</p>
Сыртқа	Ішке									
туған жер, ыстық, жусаны жұпар, қадірі, аңсайды, түтіні артық, елінен безген, ер, сұлтан										
Бағалау критерийлері	Дескриптор									
Оқылым стратегияларын қолданады.	1. тақырыпқа сай сөздер мен сөз тіркестерін іріктеп алады. 2. Комментарий жасайды.									

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
2- бөлім БЖБ (20 мин)	<p>Мәтіндермен мақсатқа сай жұмыс.</p> <p>«Сүйіспеншілік пен достық. Морфология» бөлімі бойынша жиынтықбағалау</p> <p>Оқу мақсаты: 7.1.1.1. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау</p> <p>7.4.4.1. Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану</p> <p>Бағалау критерийі</p> <p>Білім алушы -Мәтіндегі оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды.</p> <p>-Есімше, көсемше, тұйық етістікті тілдесім барысында қолданады.</p> <p>Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну, қолдану</p> <p>Орындалу уақыты: 20 минут</p> <p>1-тапсырма Мәтіндегі үзіндіні тыңдап, оқиғаның дамуын болжап, ойды аяқтаңыз.</p> <p>1-мәтін.</p> <p style="text-align: center;">Тұзды су</p> <p>Бір кездері өз ісінің шеберлері шәкірттеріне бір кәсіпті үйретіп қана қоймай, оларға өмірлік сабақтар беретін.Осындай өмір ұстазы бола алған ұста болған екен. Жыл сайын ұстаның шәкірттері кәсіпті үйреніп, өз істерін ашып, табысты болатын. Бір күні ұстаның достарынан біреу ұлын ертіп келіп, ұстаға шәкірт етіп тапсырады. Жаңа шәкірт ешбір нәрсеге көңілі толмайтын, жылаңқы біреу болады. Ағашқа жіберсең, қолдарына батқан шөгірін айтып қыңқылдайды. Бір жұмыспен қалаға шықса, қайтқанға дейін жолдың қандай жаман екенін, күннің қандай ыстық болғанын, алушының қандай қырсық болғанын айтып, тағдырына зарлап қайтатын. Ұста қанша шағынданбау керектігін айтса да, шәкірт осы бір әдетін қоймады. Содан бір күні ұста шәкіртті тұз алуға жібереді. Бір уыс тұзды бір кесе суға салып жіберіп,оны ішуін сұрайды. Шәкірт тұзды суды ұрттап, іше алмай түкіріп жібереді. Ұста шәкіртінен ішкен суының дәмін сұрайды. Шәкірті судың өте тұзды, іше алмағандығын айтады. Енді ұста шәкіртін көл жағалауына әкеліп, бір уыс тұзды көлге төгіп, бұл жолы да судың дәмін сұрайды. Шәкірті тұз дәмінен түк сезбегенін айтады. Сол кезде ұста шәкіртіне былай дейді: - Өміріміздегі келеңсіз жағдайлардың барлығы бір уыс тұздай. Егер сен бір кеседей су болсаң, ішкен тұзды судың барлық ащылығын татып, өміріңе кері әсер етесің. Егер сенің көңілің көлдей кең болса, өміріңде кездесетін қиындықтардың ешбірі бір уыс тұздың бір көлге әсері болмағандай ащылығын сездірмейді.</p> <p style="text-align: right;">(https://angimeler.wordpress.com/Мәтін)</p> <p>өңделген)</p> <p>2-мәтін.</p> <p style="text-align: center;">Қонақтың несібесі</p> <p>Баяғыда бір ауылда қонақжай кісі өмір сүріпті. Ол үнемі үйіне қонақ ертіп келеді. Оның бұл әрекетіне әйелі риза болмайды екен. Әйелі ренжіп қанша рет жолдасына: -Күнде қонақ ертіп келесің. Балаларыңды, бізді ойламайсың. Біздің барлық нәсібемізді сенің ертіп келген қонақтарың жеп кетеді, - деп сан рет ашу шақырса да, күйеуі үйіне қонақ ертіп келуін қоймапты. Бір күні әйелінің шыдамы таусылып, бір ғұламаға келіп шағымданып, ақыл сұрайды. -Күйеуім күнде қонақ ертіп келеді. Қонақ күтпеген күніміз жоқ. Балаларымыз өсіп келеді. Олардың болашағына жинаған ақшамыз да жоқ. Тапқан бар табысымыз қонақ күту мен оларды тойдыруға жұмсалуда – дейді әйел. Ғұлама әйелдің күйеуін шақыртып, неге олай жасайтынын сұрайды. Сонда күйеуі: - Қонақ шақырсақ, асымызды қонақпен бөліссек, үйіміз берекеге толады, -дейді. Ғұлама екеуін де тыңдап, әйелінен: - Ең болмағанда күніне келген бір қонаққа көңілің тола ма? -деп сұрайды. - Мен балаларымның нәсібесін біреуге жегізе алмаймын, -деп ризашылығын білдірмейді.Күйеуі ең болмағанда бір қонақ келуін сұрап, ақыры әйелін көндіреді. Ертеңіне күйеуі қайта екі қонақ ертіп келеді.Әйелі ашуланса да, сыртқа шығармай, ас үйге кіріп, қонақтарға ас әзірлейді. Орнын жинауға келген әйел бір қонаққа даярланған астың ішілмей қалғанын көреді. Әйелі күйеуіне: - Келген қонақтың біреуі неге тамақ ішпей кетті? - деп сұрайды. Жолдасы таң қалып,: - Қай қонақты айтасың? Мен бір қонақпен келдім,-дейді. Олар анығын білу үшін қайта ғұламаға келеді. Ғұлама жағдайды тыңдап былай дейді: - Күйеуіңіздің айтып отырғаны дұрыс.Бірақ үйлеріңе екі қонақ келген екен. Бірақ екінші қонақ адам кейпінде келген несібе болатын. Іштей риза болмасаңыз да, дастархан жайып, қонақты қарсы алдыңыз.Ол үшін несібе азаймады. Өйткені, әр келген қонақ өз несібесімен келеді, тіпті несібесі өзінен 40 күн бұрын келеді екен. Сондықтан, ешкім ешкімнің несібесін жемейді, несібе де азаймайды. Керісінше, қонақ шақырған</p>	"Бағалау бетшесіне" тиісті балдарды қояды.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 мин)	Рефлексия. "7МЕН" әдісі арқылы бүгінгі сабақтағы жетістіктері туралы айтады. Мұғалімнің кері байланысы.	